

«Торайғыров университеті» КЕАҚ «Тұлғалық дамыту және білім беру» кафедрасының докторанты Суюндикова Маргисат Кабиденовнаның 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбына жазылған диссертациясына

ШҚІР

Суюндикова Маргисат Кабиденовна қазіргі заманда өте көкейкесті болып табылатын креативтік мәселесі бойынша диссертация жазып, қорғауға ұсынды.

Диссертант жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері жете зерттелмегеніне орынды пікірін айтқан. Еліміздің креативті экономика, креативті индустрия құру жоспарының орындалуы болашақ мамандардың еншісінде болғандықтан, студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттыру - күн тәртібінде тұрған мәселенің бірі екендігіне екпін жасаған. Жоғары білім берудің негізгі міндеті өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өркендету және инновацияға қабілетті маманның креативті тұлғалық қабілетін арттыру болып табылатынын негіздеген.

М.К. Суюндикованың диссертациялық жұмысы сипаттау түрінде емес, ғылыми-логикалық тұрғыда жазылған. Зерттеуші авторлардың тек ұзын тізімін бермей, әрқайсысының жұмысын талдап, ғылыми пікірін келтіріп отырған. Зерттеу мақсатына жету және анықталған қайшылықтарды шешу үшін зерттеу міндеттері нәтижелі орындалған, болжамы дәлелденген.

Студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерінің нақтылануы, креативтік ойлау қабілетін арттыру әдіснамалық тұрғыдан (тұлғалық, іс-әрекеттік, рефлексивтік) қарастырылуы, креативті тұлғалық болмыс, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерінің өлшемшарттары анықталуы, студенттердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың теориялық моделінің жасалуы - зерттеудің теориялық маңызын айқындайды. Жалпы әдіснама диссертант жұмысының басынан аяғына дейін вертикальды және горизонталды қамтылғанын ерекше атаған жөн.

Студенттердің креативтік ойлау іс-әрекетіне жеткізудің амалдарының, әдіснамасының және креативтік ойлау іс-әрекетін айқындау үшін диагностикалық құралдарының ұтымды таңдалуы, элективтік курс бағдарламасы мен оқу құралы әзірленіп, Торайғыров университетінің оқу үдерісіне енгізілуі – зерттеудің практикалық маңызын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда және Scopus мәліметтер базасында тіркелген шетел журналында жарияланған.

Докторант қойған проблеманы өздігінен толыққанды, тереңнен зерттеген. Зерттеу жұмысы ғылыми стильмен жоғары деңгейде жазылған.

Докторант М.К. Суяндиқова ғылыми зерттеу әдістерін жете меңгерген, танымы терең, ой-өрісі кең, ғылыми зерттеу жүргізуге дайындығы жоғары маман.

«Студентердің креативтік ойлау қабілетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбын зерделеу барысында Маргисат Кабиденовна өзін жауапкершілікті сезінетін, ұйымдастыра алатын, күрделі мәселелерді шешуге қауқарлы, білікті зерттеуші ретінде көрсетті. Докторанттың диссертациялық жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы айқындалды. Зерттеу жұмысының міндеттері, тұжырымдары, жаңалықтары мен қорытындысынан бірізділік пен логикалық байланыс байқалады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми аппараты мен мазмұны айқын.

Суяндиқова Маргисат Кабиденовнаның «Студентердің креативтік ойлау қабілетін арттыру» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысы толық аяқталған, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы бар және диссертацияға қойылатын талаптарға жауап береді. Сол себепті, осы жұмысты 6D010300- «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының
докторы, «Торайғыров университетінің» КЕАК
«Тұлғалық дамыту және білім беру»
кафедрасының профессоры



Е. Жуматаева
Е. Жуматаева

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
_____ қолын растаймын	
подпись <i>Жуматаева Е</i>	заверяю
HR-қызметі _____	
Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»	